

**Облыстық мәслихаттың (IV сайланған, IV сессиясы) 2008 жылғы 29 ақпандағы " Павлодар облысы бойынша 2008 жылға арналған қоршаған ортаны қорғауға эмиссия үшін төлем ставкалары туралы" № 63/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 29 тамыздағы № 113/8 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 29 тамызда № 3123 тіркелген. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

*Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына, "Салықтар және бюджеттегі басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 462-бабына, Экологиялық Кодексі 10-тарауының 101-бабына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2008 жылғы 20 маусымдағы "Облыстық мәслихаттың (IV сайланған IV сессиясы) 2008 жылғы 29 ақпандағы "Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2008 жылға арналған төлемақы мөлшермелері туралы" N 63/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 104/6 шешімімен (мемлекеттік тізілімде 2008 жылғы 30 маусымда N 3118 болып тіркелген, "Сарыарқа Самалы" газетінің 2008 жылғы 3 шілдедегі 73 нөмірінде, "Звезда Прииртышья" газетінің 2008 жылғы 5 шілдедегі 74 нөмірінде жарияланған) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен облыстық мәслихаттың (IV сайланған IV сессиясы) 2008 жылғы 29 ақпандағы (мемлекеттік тізілімде 2008 жылғы 26 наурызда N 3105 болып тіркелген, "Сарыарқа Самалы" газетінің 2008 жылғы 5 сәуірдегі 37 нөмірінде, "Звезда Прииртышья" газетінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі 35 нөмірінде жарияланған) "Павлодар облысы бойынша 2008 жылға арналған қоршаған ортаны қорғауға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшермелері туралы" N 63/4 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

**қ о с ы м ш а с ы н д а :**

5-бағанның 1-жолындағы "582,0" деген сандар "1300,0" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5-бағанның 2-жолындағы "384,0" деген сандар "445,0" деген сандармен, "

523,0" деген сандар "705,0" деген сандармен, "285,0" деген сандар "400,0" деген сандармен ауыстырылсын;

5-бағанның 3-жолындағы "15654,0" деген сандар "17500,0" деген сандармен, "1100,0" деген сандар "10500,0" ауыстырылсын;

5-бағанның 5-жолындағы "2,8" деген сандар "5,3" деген сандармен, "21,7" деген сандар "54,7" деген сандармен, "18,1" деген сандар "220,0" деген сандармен, "10,5" деген сандар "256,0" деген сандармен ауыстырылсын;

5-бағанның 6-жолындағы "442,1" деген сандар "1030,0" деген сандармен, "221,0" деген сандар "515,0" деген сандармен, "22,1" деген сандар "52,0" деген сандармен, "221,0" деген сандар "515,0" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Осы шешімінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы*

*А. Рустамбаев*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Р. Гафуров*

Павлодар облыстық мәслихатының  
2008 жылғы 29 тамыздағы IV сайланған  
VIII сессиясының Павлодар облысы  
мәслихатының 2008 жылғы 29 ақпандағы  
"Павлодар облысы бойынша 2008 жылға  
арналған қоршаған ортаны қорғауға  
эмиссия үшін төлем ставкалары туралы"  
N 63/4 шешіміне өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы

N 113/8 шешіміне қосымша

**Павлодар облысы бойынша 2008 жылға арналған  
қоршаған ортаны қорғауға эмиссия үшін төлем ставкалары**

N р/р	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қалдықтардың қауіптілік деңгейі	Ставка (теңге/ бірлігі)
1	2	3	4	5
1.	Ластаушы заттардың стационарлық көздерден атмосфераға шығарындылары 1	шартты тонна		1 300,0
2.	Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден атмосфераға шығарындылары :	пайдаланылған отынның тоннасы (бұдан әрі - тонна)		
	этиленбен бензин үшін			445,0
	дизель отыны үшін			705,0
	сұйылтылған сығылған газ үшін			400,0

3.	Ластаушы заттардың төгінділері :	шартты тонна		
	су көздеріне <sup>2</sup>			17 500,0
	жинақтауыштарға, сүзу алаңдарына, жер бедеріне			10 500,0
4.	Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар <sup>3</sup>	тонна		227,5
5.	Өнеркәсіптік қалдықтар			
	өндіріс пен тұтынуды қауіпті қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастыру	тонна	"қызыл тізім"	8 332,0
			"янтарь тізім"	4 166,0
			"жасыл тізім"	1 041,0
			жіктелмегендер	521,0
	Бұдан басқа :			
	аршынды жыныстар <sup>4</sup>	тонна		5,3
	байыту шлактары, шламдары, қалдықтары <sup>4</sup>			54,7
	күл мен күлшлактары <sup>4</sup>			220,0
	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары			256,0
6.	Радиоактивті қалдықтар :	гигабеккерел		
	трансуранды қалдықтар			1 030,0
	альфа-радиоактивті қалдықтар			515,0
	бета-радиоактивті қалдықтар			52,0
	шынақты радиоактивті көздер			515,0

### Ескерту :

1) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ставкаларына ISO 14001:2004 халықаралық стандарттарға сәйкестіруге сертификатталған кәсіпорындар үшін мынадай коэффициенттер енгізіледі:

0,75 коэффициент 1 ;

0,75 коэффициент 4 ;

2) энергия шығаратын кәсіпорындарына; коммуналдық қызмет көрсету кезінде пайда болған эмиссия көлемі үшін табиғи монополиялар субъектілеріне мынадай коэффициенттер енгізіледі:

0,3 коэффициент 1 ;

0,43 коэффициент 2 ;

0,25 коэффициент 4 ;

3) қоршаған ортаны қорғауға эмиссия үшін төлем ставкаларға тұрғындардан пайда болған қатты-тұрмыстық қалдықтар көлемі үшін коммуналдық

қалдықтарды орналастыруды іске асыратын полигондар үшін:

0,2 коэффициент<sup>3</sup> ;

4) ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына кәсіпорындардың төлем ставкаларын жатқызу жағдайында ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолдану қажет;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1314 қаулысымен бекітілген ерекше қорғалатын табиғат аумақтары үшін қоршаған ортаға эмиссия үшін бекітілетін төлем ставкаларына шекті төлем ставкалары қолданылсын ;

6) 1), 2), 3) тармақшаларда қаралған ескертпедегі жеңілдік коэффициенттерді қолдану қоршаған ортаға эмиссияның жоғары нормативтік көлемі үшін төлеміне қолданылмайды.